



**№1 (42)
2016**

Меншік иесі және баспагер:

«Қазақстан Республикасының
Заңнама институты» ММ

2006 жылдан бастап шығады

Журналдың материалдары
www.iz.adilet.gov.kz сайтында
орналастырылған

Заң ғылымдары бойынша
диссертациялардың негізгі ғылыми
нәтижелерін жариялауға арналған
басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес:

Б.М. Имашев (Төраға)
З.Х. Баймолдина
А.С. Тукиев
И.Ш. Борчашвили

Редакциялық алқа:

З.С. Байниязова (Саратов қ., РФ)
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Е.А. Дүйсенов
Д.Ж. Игембаев
А.Қ. Қанатов
В.Т. Қоныс
Ж.О. Құлжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сағидан
Ә.Г. Сактағанов
М.А. Сәрсембаев

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.

Мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ.,
Орынбор қ., 8 үй
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.iz.adilet.gov.kz

Қазақстан Республикасы Заңнама институтының Жаршысы

ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛ

«ҚР ЗАҢНАМА ИНСТИТУТЫНЫҢ
ЖАРШЫСЫНА» - 10 ЖЫЛ

МАЗМҰНЫ

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің коллегиясының отырысы туралы, Астана қ., 2016 жылғы 31 наурыз (ҚР Әділет министрлігінің баспасөз қызметі)	5
«Қазақстан Республикасы Заңнама институтының жаршысы» ғылыми-құқықтық журналының 10 жылдығы	6
Конституциялық және әкімшілік құқық	8
А.С. СМАН Әділдік жолында: қазақ мемлекеттілігі және оның мұрасы (тарихи-құқықтық аспекті)	8
Н.М. ПРИМАШЕВ Конституцияның заңдық күші мен құқықтық сапа: өзара тәуелділік диалектикасы	15
Т.М. ТОҚПАЕВА Мемлекеттік органдарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент транспаренттік және есеп беретін мемлекеттің тиімді компоненті ретінде.....	21
Азаматтық, азаматтық іс жүргізу құқығы	27
В.Т. ҚОНЫС Alternative Dispute Resolution in the USA: analysis of main advantages and disadvantages (Америка Құрама Штаттарында дауларды балама жолмен шешу: негізгі артықшылықтары мен кемшіліктеріне талдау)	27
Р.Е. ЖАҚЫПОВ Қазақстан Республикасының еңбек құқығындағы кепілдік төлемнің мәселелері	32
Г.К. САҒИЕВА, Б.Ж. БАЗАРБЕК Экологиялық және кәсіпкерлік заңнамасын жетілдіру аясындағы «экологиялық басқару» және «экологиялық менеджмент» ұғымдарының этимологиясы.....	37
Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу	40
З.К. АЮПОВА, Д.У. ҚҰСАЙЫНОВ Терроризм және экстремизмнің әлеуметтік-мәдени негіздері және оларды болғызбау туралы мәселесіне	40
Р.А. ОРСАЕВА Кәмелетке толмағандардың топтық қылмыстық құқық бұзушылықтарының ерекшеліктері.....	46
Ж.К. КОЖАНТАЕВА Адам өз қызмет бабын пайдалана отырып жасайтын алаяқтық, сеніп тапсырылған бөтеннің мүлкін иемденіп алу немесе жымқыру ерекшеліктері	53

<i>Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану</i>	56
М.А. СӨРСЕМБАЕВ ДСҰ мен ЭЫДҰ талаптарына сәйкес Қазақстанның АӨК өнімдерін экспортқа шығарудың және импорттаудың құқықтық мазмұны	56
А.О. БАЛҒЫНТАЕВ, А.Қ. ҚАНАТОВ Қазақстан мен Белоруссияның қылмыстық процесінде ынтымақтастық туралы келісімдер: салыстырмалы талдау	67
Ж.И. ИБРАГИМОВ Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының талаптарына сәйкес зияткерлік меншік саласындағы заңнаманы жетілдіру	73
<i>Құқықтық мониторинг</i>	79
З.Ғ. ҚАЗИЕВ, А.Б. ЕСІМОВА Салалық құқықтық мониторингі: жалпы ұғымы, міндеті және жүргізу мүмкіндігі	79
И.Қ. ЕЛЕУСІЗОВА Кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасын жетілдірудің кейбір мәселелері	84
<i>Мемлекеттік тілде заң шығару тәжірибесінен</i>	90
М.А. АЙЫМБЕТОВ Заңнама терминдерінің тұрақты тіркестік сипаты	90
Л.С. ТҰРҒАНБАЕВА Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіндегі тауар жиынтықтылығына қатысты заңнамалық және лингвистикалық мәселелер	95
<i>Шетелдік тәжірибе</i>	99
Қ.Е. ИСМАҒҰЛОВ, Д.С. ҚАЖМҰРАТОВА Қылмыстық процеске қатысатын тұлғалардың құзыреттерін құқықтық регламенттеу (салыстырмалы талдау)	99
<i>Жас ғалым мінбері</i>	105
М.Е. ЖҰМАБАЕВА Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау және қамтамасыз ету саласында ЭЫДҰ жетекші елдерінің озық тәсілдеріне шолу	105
А.А. ЖАБАЕВА Төрелік келісім дауды шешудің негізі ретінде	109
А.С. НӘБИЕВА, Е.К. АХМЕТОВ Құқықтық мониторингтің заң техникасы: проблемалар және шешу жолдары	113
Н.Р. ӘКІМОВА Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасындағы тараптарды татуластыру институтының қазіргі уақыттағы ахуалы	119
М.М. ТАСТАНОВА Маңызды халықаралық құжаттарда берілген бала құқықтары	125
Е.О. МҰХАМЕДЖАНОВ Жаңа Қазақстан Республикасының ҚПК бойынша жедел бөлімшелерінің іздестіру қызметінің құқықтық режимі	130
Н.Н. СҰЛТАНОВ Қазақстанның қылмыстық сот ісін жүргізудің жаңа моделіндегі қылмыстық қудағалаудың ерекшеліктері: қысқаша ретроспективалы шолу мен перспективалық көзқарас.....	134
А.Ж. БҰСЫРМАНОВ Төрелік дауларды шешудің балама құралы ретінде	140
Д. ҚАСЫМОВА Пленарлық отырыс Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының құқық түсіндіру қызметінің субъектісі ретінде	143
<i>Даналық ойлар: Н. Шәйкеновтің максималары мен афоризмдері.....</i>	148



**№1 (42)
2016**

Собственник и издатель:
ГУ «Институт законодательства
Республики Казахстан»

Издается с 2006 года
Все материалы журнала
размещаются на сайте
www.iz.adilet.gov.kz

Включен в перечень изданий
для публикации основных
научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Редакционный совет:
Б.М. Имашев (Председатель)
З.Х. Баймолдина
А. С. Тукиев
И.Ш. Борчасвили

Редакционная коллегия:
З.С. Байниязова (г. Саратов, РФ)
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Е.А. Дюсенов
Д.Ж. Игембаев
А.К. Канатов
В.Т. Конусова
Ж.О. Кулжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сагидан
А.Г. Сактаганов
М.А. Сарсембаев

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 11219-Ж
от 15.11.2010 г. Комитета информации
и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан

Адрес:
Республика Казахстан,
010000, г. Астана,
ул. Орынбор, д. 8,
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.iz.adilet.gov.kz

Вестник Института Законодательства Республики Казахстан

научно-правовой журнал

«ВЕСТНИКУ ИНСТИТУТА
ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА РК» - 10 ЛЕТ

СОДЕРЖАНИЕ

О заседании коллегии Министерства юстиции Республики Казахстан, г. Астана, 31 марта 2016 года (пресс-служба Министерства юстиции РК)	5
10-летие научно-правового журнала «Вестник Института законодательства Республики Казахстан»	6
<i>Конституционное и административное право</i>	8
А.С. СМАН На пути к справедливости: казахская государственность и ее наследие (историко-правовой аспект)	8
Н.М. ПРИМАШЕВ Юридическая сила Конституции и правовое качество: диалектика взаимозависимости	15
Т.М. ТОКПАЕВА Антикоррупционный менеджмент в государственных органах, как эффективный компонент транспарентного и подотчетного государства	21
<i>Гражданское и гражданско-процессуальное право</i>	27
В.Т. КОНУСОВА Alternative Dispute Resolution in the USA: analysis of main advantages and disadvantages (Альтернативное разрешение споров в США: анализ основных преимуществ и недостатков).....	27
Р.Е. ЖАКУПОВ Вопросы гарантийных выплат в трудовом праве Республики Казахстан	32
Г.К. САГИЕВА, Б.Ж. БАЗАРБЕК Этимология понятий «экологическое управление» и «экологический менеджмент» в контексте совершенствования экологического и предпринимательского законодательства	37
<i>Уголовное право и уголовный процесс</i>	40
З.К. АЮПОВА, Д.У. КУСАИНОВ К вопросу о социокультурных основах терроризма и экстремизма и путях их предотвращения	40
Р.А. ОРСАЕВА Особенности групповых уголовных правонарушений среди несовершеннолетних	46
Ж.К. КОЖАНТАЕВА Особенности мошенничества, присвоения или растраты вверенного чужого имущества, совершаемых лицом с использованием своего служебного положения	53

Международное право и сравнительное правоведение	56
М.А. САРСЕМБАЕВ Правовое содержание экспорта и импорта продукции АПК Казахстана на основе требований ВТО и ОЭСР	56
А.О. БАЛГЫНТАЕВ, А.К. КАНАТОВ Соглашения о сотрудничестве в уголовном процессе Казахстана и Белоруссии: сравнительный анализ	67
Ж.И. ИБРАГИМОВ Совершенствование законодательства в сфере интеллектуальной собственности в соответствии со стандартами Организации экономического сотрудничества и развития	73
Правовой мониторинг	79
З.Г. КАЗИЕВ, А.Б. ЕСИМОВА Отраслевой правовой мониторинг: общее понятие, задачи и возможности проведения	79
И.К. ЕЛЕУСИЗОВА Некоторые вопросы совершенствования законодательства Республики Казахстан в сфере страхования предпринимательского риска	84
Из практики законодательства на государственном языке	90
М.А. АЙЫМБЕТОВ Фразеологические особенности законодательных терминов	90
Л.С. ТУРГАНБАЕВА Законодательные и лингвистические проблемы, касающиеся комплектности товара в Гражданском кодексе Республики Казахстан	95
Зарубежный опыт	99
К.Е. ИСМАГУЛОВ, Д.С. КАЖМУРАТОВА Правовая регламентация компетенций лиц, участвующих в уголовном процессе (сравнительный анализ)	99
Трибуна молодого ученого	105
М.Е. ЖУМАБАЕВА Обзор передовых подходов ведущих стран ОЭСР в сфере защиты и обеспечения прав интеллектуальной собственности	105
А.А. ЖАБАЕВА Арбитражное соглашение как основа урегулирования спора	109
А.С. НАБИЕВА, Е.К. АХМЕТОВ Юридическая техника правового мониторинга: проблемы и пути решения	113
Н.Р. АКИМОВА Современное состояние института примирения сторон в уголовном праве Республики Казахстан	119
М.М. ТАСТАНОВА Права ребенка в значимых международных актах.....	125
Е.О. МУХАМЕДЖАНОВ Правовые режимы розыскной деятельности оперативных подразделений по новому УПК Республики Казахстан	130
Н.Н. СУЛТАНОВ Особенности уголовного преследования в новой модели уголовного судопроизводства Казахстана: краткий ретроспективный обзор и перспективный взгляд	134
А.Ж. БУСУРМАНОВ Арбитраж как альтернативный инструмент разрешения споров	140
Д. КАСЫМОВА Пленарное заседание как субъект праворазъяснительной деятельности Верховного Суда Республики Казахстан	143
Мудрые мысли: максимы и афоризмы Н. Шайкенова	148



*Тұрғанбаева Ләззат Сұлтанмұратқызы,
ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығы НҚА
және халықаралық шарттар жобаларының
ғылыми лингвистикалық сараптамасы секторының
кіші ғылыми қызметкері,
заң ғылымдарының кандидаты*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ КОДЕКСІНДЕГІ ТАУАР ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҒЫНА ҚАТЫСТЫ ЗАҢНАМАЛЫҚ ЖӘНЕ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Қазіргі нарықтық экономика заманында көптеген жаңа азаматтық құқықтық қатынастар, шарт, мәміле түрлері пайда болуда және жаңадан пайда болған не өзгертілген құқықтық элементтер кездесуде. Сондықтан да азаматтық құқық саласында өзгерістер мен толықтырулар жиі орын алууда.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің Ерекше бөлімі 1999 жылғы 1 шілдеде қабылданды [1]. Осыған дейін Қазақстанда 1994 жылы қабылданған Азаматтық кодекстің тек Жалпы бөлімі ғана қолданыста болатын [2], 1999 жылғы бірінші шілдесінен бастап Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі толық көлемде қолданылып жүр.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің Ерекше бөлімінде кездесетін нормалардың қолданыста болмауы экономикалық даулардың жаңа түрлерінің пайда болуы жағдайында экономикалық қатынастардың құқықтық реттелуіне едәуір қиындық туғызатын. 1963 жылғы қабылданған Қазақ КСР Азаматтық кодексінің біраз нормалары ескіріп, нарықтық экономиканың негізгі қағидаттарына тікелей қайшы келгенмен, формальды түрде оның күші сақталып жүрді.

1993 жылы Қазақстанда бұрынғы КСРО Жоғарғы Советі 1991 жылы қабылдаған КСРО мен республикалардың азаматтық заңнама негіздері қолданысқа енгізілді. Бұл Негіздердің Ерекше бөлімінде кейбір нормалар 1963 жылы қабылданған Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің Ерекше бөліміндегі ескі нормалардың олқылықтарын түзеткен болатын, бірақ, біріншіден, ол Негіздер толық жинақталған заңнамалық акті болған жоқ, өйткені онда азаматтық құқықтық қатынастарды реттейтін жалпы ережелер қамтылған болатын,

екіншіден, Негіздер едәуір дәрежеде ескіріп үлгеріп, қолданысқа енгізілген кезден бастап жаңартылмады, үшіншіден, кейінгі жылдарда ел экономикасында мемлекет тарапынан жинақталған, құқықтық реттелуі дұрыс жүйеленбеген, тек қатысушылардың шарттық келісімдеріне сүйенетін алуан түрлі қоғамдық қатынастар пайда болып, мұның барлығы экономиканың дұрыс дамуына кедергі келтіріп отырды.

Азаматтық кодекстің Ерекше бөліміне кіретін құқықтық нормалардың ұзақ қолданыста болмауы себебінен ел экономикасында пайда болған жаңа қатынастардың кейбір түрлерін реттейтін жаңа заңдарды қабылдауды қажет болды. Сондай-ақ бұл актілер азаматтық заңнама жүйесімен тиісті үйлесімге келмей, әрқайсысы жеке қабылданды [3]. Соның нәтижесінде қазіргі азаматтық қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілерде кездесетін терминдердегі бірізділік сақталмай және нормалардың Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне қайшы келіп жатқан тұстары көп. Сонымен қатар көптеген терминдерге анықтама берілмеген, оның өзі кез келген сот процесіне қатысушылардың тиісті анықтаманы өз бетінше түсінуіне байланысты сот процесіндегі даулы мәселелерді шешу кезінде қиындық туғызуда. Сондықтан әрбір терминге тиісті заңнамада нақты анықтама берілуі тиіс.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің Ерекше бөлімінде бірқатар терминдерге анықтама берілмеген. Мысалы, аталған Кодекстің 431-бабында кездесетін «тауардың жиынтықтылығы» терминіне тоқталып өтсек.

Сатып алу-сату шарты бойынша бір тарап (сатушы) мүлікті (тауарды) екінші тараптың

(сатып алушының) меншігіне, шаруашылық жүргізуіне немесе жедел басқаруына беруге міндеттенеді, ал сатып алушы бұл мүлікті (тауарды) қабылдауға және ол үшін белгілі бір ақша сомасын (бағасын) төлеуге міндеттенеді (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 406-бабы). Егер шартта өзгеше көзделмесе, сатушы тауарды беру мен бірге сатып алушыға оның керек-жарақтарын, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілерде немесе шартта көзделген, соған қатысты құжаттарды (тауардың жиынтықтылығын, қауіпсіздігін, сапасын, пайдалану тәртібін және т.б. куәландыратын құжаттарды) беруге міндеттенеді (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі 408-бабының 2-тармағы). Тауардың жиынтықтылығын реттейтін нормалар тек 431-бапта көрсетілген. Осы бапқа сәйкес сатушы сатып алушыға жиынтықтылық туралы шарттың талаптарына сәйкес тауар беруге міндеттеді. Шартта тауардың жиынтықтылығы белгіленбеген жағдайда сатушы сатып алушыға жиынтықтылығы іскерлік айналым дағдыларымен немесе әдетте қойылатын өзге де талаптармен белгіленетін тауар беруге міндеттенеді.

Мұнда тауардың жиынтықтылығына толық анықтама берілмеген.

Ресей Федерациясы Азаматтық кодексі Ерекше бөлімінің 478-бабына сәйкес «тауардың жиынтықтылығы тауардың функционалдық міндеттері ондағы барлық құрылымдық бөліктерге ортақ болуымен сипатталады» [4] делінген. Бұл жерде тауардың жиынтықтылығына қысқа әрі нақты анықтама берілген. Сондай-ақ басқа дереккөздерде «Тауардың жиынтықтылығы тауар жиынтықта біртұтас күрделі зат ретінде берілгенін білдіреді» [5] деген анықтама кездеседі. Бұл берілген анықтамаға сәйкес тауар тек жиынтықта ғана тауар ретінде пайдалы болады делінген, ал сол тауардың бөліктері болып табылатын тауарлар туралы ештеңе айтылмаған.

Ал қаржылық энциклопедиялық сөздікте аталған терминге мазмұнын толық сипаттайтын анықтама берілген: «Тауардың жиынтықтылығы тауарды әртүрлі дербес заттардан тұратын, оларды ортақ мақсат бойынша пайдалануды көздейтін, біртұтас затты құрайтын күрделі зат ретінде сипаттайды (мысалы, сервис, жиһаз гарнитурасы, жеке бөлшектерден, тораптардан, машиналардан, құрылғылардан тұратын күрделі технологиялық жабдық және т.б.)» [6]. «Тауардың жиынтықтылығы – тікелей сатып алу-сату шартының немесе онда қамтылған

стандарттарға, техникалық шарттарға берілетін сілтемелердің ережелерінде не іскерлік айналым дағдыларында айқындалатын, тауар ретінде қолданылатын, аяқталған бұйымды құрайтын тораптар, бөлшектер, агрегаттар және т.б. жиынтығы» деген анықтамада тауардың жиынтықтылығына шамамен кіретін заттар да қоса аталып өткен [7].

Жоғарыда берілген тауардың жиынтықтылығына анықтамаларды саралай отырып, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 431-бабына «Тауардың жиынтықтылығы – әртүрлі дербес заттардан тұратын, ортақ мақсатта пайдалану кезінде біртұтас затты құрайтын күрделі зат (сервис, жиһаз гарнитурасы, жеке бөлшектерден, тораптардан, машиналардан, құрылғылардан тұратын күрделі технологиялық жабдық және т.б.)» деген анықтаманы енгізу ұсынылады.

Сондай-ақ ҚР АҚ 433-бабының 2-тармағындағы «Последствия, предусмотренные пунктом 1 настоящей статьи, применяются и в случае нарушения продавцом обязанности передать покупателю комплект товаров (статья 432 настоящего Кодекса), если иное не предусмотрено законодательством либо договором или не вытекает из существа обязательства» деген мәтін «Осы баптың 1-тармағында көзделген салдарлар, егер заңдарда не шартта өзгеше көзделмесе немесе міндеттеменің мәнінен туындамаса, сатушы сатып алушыға тауарлар жиынтығын (осы Кодекстің 432-бабы) беру міндеттемесін бұзған жағдайда да қолданылады.» деп аударылған. Яғни «законодательством» деген сөз «заңдарда» деп қате аударылған. Сол кездегі шығарылған бүкіл заңнамалық актілерде «законодательство» деген сөз «заңдар» деп аударылып келді, ол кездегі оның мағынасы «заңдар жиынтығы» деп түсінілді. С.В. Поленина «Теоретические проблемы советского законодательства» атты жұмысында заңнаманы кең түсінікте пайдалана отырып, заң әдебиетінде «құқық» және «заңнама» терминдері көбінесе синонимдер ретінде қолданылғанын атап өтеді [8, 5-6 бб.]. Кеңестік кезеңде социалистік қоғам алдында тұратын мәселелерді шешуге жарамды жалғыз құқық көзі нормативтік құқықтық акті болып танылатын. Басқа құқық актілері социалистік заңдылық тұжырымдамасына «енбейтін». Нормативтік құқықтық акт қазіргі кезге дейін құқықтың негізгі көзі болып табылады,... алайда, мемлекеттің құқықтық жүйесі түбірлі өзгерістерге ұшырағанын ескеру қажет. Орны әлі

анықталмаған жаңа құқық көздері пайда болды. Оның ішінде заңнама көзқарасынан құқықтық актілер жиынтығы ретінде [9].

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы №213 «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңының 1-тармағы 1) тармақшасына сәйкес «заң - аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін, Қазақстан Республикасы Конституциясы 61-бабының 3-тармағында көзделген түбегейлі принциптер мен нормаларды белгілейтін, Қазақстан Республикасының Парламенті, ал Қазақстан Республикасы Конституциясы 53-бабының 3) тармақшасында көзделген жағдайларда Қазақстан Республикасының Президенті қабылдайтын нормативтік құқықтық акт; ал 4) заңнама – белгіленген тәртіппен қабылданған нормативтік құқықтық актілердің жиынтығы [10]. Яғни заңнамаға қазіргі берілген анықтамаға

сәйкес тек заңдар ғана емес, заңнамалық актілер: конституциялық заң, Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар жарлығы, кодекс, заң, Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар жарлығы, Қазақстан Республикасы Парламентінің қаулысы, Сенат пен Мәжілістің қаулылары және заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер – заңнамалық және өзге де сатысы бойынша жоғары тұрған нормативтік құқықтық актілер негізінде және (немесе) орындау үшін және (немесе) одан әрі іске асыру үшін шығарылатын, заңнамалық болып табылмайтын өзге де нормативтік құқықтық актілер кіреді. Яғни жоғарыда аталған Заңда берілген анықтамаларға сәйкес «заң» мен «заңнама» терминдерінің елеулі айырмашылығы болғандықтан ҚР АҚ Ерекше бөлімінің қазақ тіліндегі мәтініндегі осы сөздер дұрыс аударылуын қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім). Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі № 409 кодексі // «Заң» деректер базасы. (Соңғы редакцияланған күні 01.03.2016 ж.)
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім). Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы кодексі //«Заң» деректер базасы. (Соңғы редакцияланған күні 01.01.2016 ж.)
3. Сулейменов М.К., Басин Ю.Г. Комментарий к Гражданскому кодексу Республики Казахстан (Особенная часть) // [http:// law.delovomir.kz](http://law.delovomir.kz)
4. Гражданский кодекс Российской Федерации. Часть 2. // <http://for-expert.ru>
5. Рассолов М.М., Алексей П.В., Кузбагаров А.Н. Гражданское право. Издательство: Юнити-Дана Голд, 2010.
6. Финансовый энциклопедический словарь: // <http://www.slovopedia.com>
7. Сайт правовой тематики «Правотека» // <http://pravoteka.ru>
8. Поленина С.В. Теоретические проблемы советского законодательства. М., 1979. С. 5–6.
9. Хамнуев Ю.Г. О существующих определениях термина «законодательство» в отечественном правоведении. Опубликовано: Сибирский Юридический Вестник. - 2003. - №1.
10. «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы №213 Заңы //«Заң» деректер базасы (Соңғы редакцияланған күні 01.03.2016 ж.)



Мақалада «тауардың жиынтықтылығы» терминіне ғылыми-құқықтық талдау жүргізілген және тауардың жиынтықтылығына қатысты баптарда кездесетін кейбір терминдерге лингвистикалық талдау жүргізілген.

Түйін сөздер: *«тауардың жиынтықтылығы», Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің Ерекше бөлімі, заң, заңнама.*

В статье дан научно-правовой анализ термина «комплектность товара» и проведен лингвистический анализ некоторых терминов, встречающихся в статьях, касающихся комплектности товара.

Ключевые слова: «комплектность товара», Особенная часть Гражданского кодекса Республики Казахстан, «закон», «законодательство».

In the article a scientifically-legal analysis is given to the term "completeness of commodity" and a linguistic analysis is conducted to some terms, meeting in the articles, touching the completeness of commodity.

Keywords: «completeness of goods», Special part of Civil code the Republic of Kazakhstan.

Ләззат Сұлтанмұратқызы Тұрғанбаева,

ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығы НҚА және халықаралық шарттар жобаларының ғылыми лингвистикалық сараптамасы секторының кіші ғылыми қызметкері, з.ғ.к.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіндегі тауар жиынтықтылығына қатысты заңнамалық және лингвистикалық мәселелер

Турганбаева Лаззат Султанмуратовна,

младший научный сотрудник сектора научно-лингвистической экспертизы проектов НПА и международных договоров Центра лингвистики Института законодательства РК, к.ю.н.

Законодательные и лингвистические проблемы, касающиеся комплектности товара в Гражданском кодексе Республики Казахстан

Turbanbayeva Lazzat Sultanmuratovna,

younger research fellow of the sector of scientific-linguistic expertise of legal act sand international agreements of the Linguistic Center of the Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan, c.j.s.

Legislative and linguistic problems, to the concerning completeness of commodity in the Civil code of Republic of Kazakhstan

